



БІЛІМ ЖАРЫСЫ

1998 жылғы 22 наурыздан шыға бастады

Ахмет Байтұрсынұв атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің студенттер газеті

22 маусым 2018 ж. № 6 (161)



Мерекімоуі

Ұстаз. Ғалым. Қайраткер

Академик Кенжеғали Сағадиев 80 жаста

Сағадиев Кенжеғали Әбенұлы - экономика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Ұлттық академиясының және Пәкістан Ғылым академиясының академигі, АҚШ-тың Нью-Йорк академиясының мүшесі және Халықаралық жоғарғы мектеп академиясының академигі. Әр жылдары Қазақстанның төрт жетекші оқу орындарының ректоры және ҚР ҰҒА Президенті (1994-1996 жж) болып қызмет атқарды. Қазақстан Республикасы үшінші (2004-2007 жж) және төртінші (2007-2011 жж) шақырылған Парламенті Мәжілісінің депутаттығына сайланды, Қаржы және бюджет комитетінің төрағасы (2004-2007 жж) болды.

Академик мұндай биік деңгейге өзінің талай кейінгі ұрпаққа өнеге боларлық сирек таланты мен еңбекқорлығының, энциклопедиялық білімінің, ерекше ақыл-парасаты мен іскерлігінің арқасында қол жеткізді.

Қ.Ә.Сағадиев Қостанай облысы (бұрынғы Торғай облысы), Жангелдин ауданының Ақкөл ауылында 1938 жылы дүниеге келген. Балалық шағы тауқыметі көп соғыс жылдарына тура келгендіктен, өз қатарлары секілді ерте есейіп, оқу білімге талпыныс жасады, бұл оның кейін өмірінің өзегіне айналды.

Кенжеғали ағамыз алты балалы (үш ұл, үш қыз) отбасында өсті. Оның ата-анасы таңның атысы, күннің батысы демей, бала-шаға қамын ойлаған еңбек адамдары болатын. Әкесі Сағадиев Тыныштықбаев ферма меңгерушісі қызметін атқарған, ауылға сыйлы азамат болған. 1950 жылы дүниеге салды. Ал анасы – Қаламқас Сардарбекқызы ұзақ жылдар колхоз жұмысында болған, балаларының бәрін аяғына тұрғызып, қиындығы мен қызығы мол ұзақ өмірін солардың қасында өткізген. 1985 жылы ол кісі де дүниеден озды.

Кенжеғали Әбенұлының білімге деген талпынысы сәтті болды. Ол Жангелдин (1945-1950 жж.) және Әулікөл (1950-1955 жж.) аудандарының мектептерінде оқып, 1955 жылы онжылдықты күміс медальмен аяқтады. Сол жылы С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің экономика факультетіне (қазіргі Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университеті) оқуға түсіп, ондағы жастар ұйымының белсенді мүшесі болды, ғылыми зерттеулерге араласты. Алматыда, Самарқандта және басқа да қалаларда өткен ғылыми конференцияларда мазмұнды баяндамалар жасады, үздік оқуы үшін Сталин (кейін Ленин) атындағы стипендияның иегері болды, университетті 1960 жылы «Өнеркәсіп экономикасы» мамандығы бойынша үздік дипломмен бітіріп шықты. Осындай нәтижелер жас маманның өзі білім алған оқу орнына ғылыми-педагогикалық қызметке шақырылуына себепші болды.

Қ.Ә.Сағадиев еңбек жолын аталған университетінің халық шаруашылығын жоспарлау кафедрасының ассистенті қызметінен бастап (1960ж.), кейін осында аға оқытушылыққа жоғарылатылды. 1963 жылы Кенжеғали Әбенұлы



Г.В.Плеханов атындағы Мәскеу халық шаруашылығы институтының аспирантурасына түсіп, оны мерзімінен бұрын нәтижелі аяқтаған. «Одақтас республикалардағы күрделі құрылыстарды кешенді материалдық-техникалық жабдықтау мәселелері» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғап, елге оралды.

Қ.Ә. Сағадиевтің педагог, зерттеуші, ірі ғалым, басқарушы және ұйымдастырушы ретінде қалыптасуына Алматы халық шаруашылығы институтында (қазіргі Т.Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университеті) қызметістеуі ерекше рөл атқарды. Ол осы жоғары оқу орнын алғашқы ұйымдастырушылардың бірі болды, институттың қалыптасуы мен өркендей түсуіне ғылыми-педагогикалық қызметінің жиырма жылын арнады. 1966 жылы Кенжеғали Әбенұлы осы институттың (АХШИ) жоспарлау-экономикалық факультетінің деканының орынбасары қызметіне тағайындалып, бұл қызметті абыроймен атқарды. Студенттер қауымына ағалық қамқорлықпен қарап, олардың шын мәніндегі жанашыр жетекшісі болды.

Жоғары оқу орнының келешегін жіті көре білген, ұйымдастырушылық қабілеті күннен-күнге өсе түскен, кәсіби білімі терең жас ғалым көптің көзіне ерте ілікті, осының бәрі оны небәрі үш жылдан соң институттағы пар-

тия комитетінің хатшысы (1969-1973 жж.), кейін оқу ісі жөніндегі проректор қызметіне ауысуына мүмкіндік берді.

Аталған қызметтерде Қ.Ә. Сағадиев барлық күш жігерін аямай еңбек етті. Жоғары оқу орны басшыларының бірі ретінде институтты әрі қарай өркендету жолдарын ұдайы іздестірді. Оқу ғимараттарын, жатақхана, тұрғын үйлер салуды қолға алды, экономиканың келелі ғылыми-практикалық бағыттарына сай жаңа мамандықтар ашуға басшылық жасаушылардың бірі болды.

Қазір Т.Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университеті Қазақстанның ірі, әрі беделді жоғары оқу орындарының біріне айналды. Оның заман талабына сай материалдық-техникалық базасы бар. Университеттің осы дәрежеге жетуі үшін АХШИ-дің бірінші ректоры, профессор А.И.Белов пен бүгінгі мерейтой иесі К.Ә. Сағадиевтің өлшеусіз еңбек етіп, тер төккені көпшілікке мәлім.

Қ.Ә.Сағадиевтің АХШИ-де жетекшілік қызметтерде бойына сіңірген тәжірбиесі мен ұйымдастырушылық таланты оның Целиноград ауылшаруашылығы институтының (қазіргі С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті) ректоры қызметіне тағайындалуына (1982 ж.) негіз болды, ол осы қызметті сегіз жыл мінсіз атқарып (1990 жылға дейін), институт ұжымының есінде өшпес із қалдырды.

Республика орталығында орналасқан Целиноград ауылшаруашылық институты тың өлкесіне кадрлар даярлайтын шеберханаға айналды. Ол кезде егіншілік кең өріс алып, жаңа техника мен технологиялар, өндіріс пен еңбекті ұйымдастырудың прогрессивті әдістері игеріліп жатқан. Осындай ауқымды тың стратегиясын жүзеге асыруға байланысты ауылшаруашылық институтының ұжымы үлкен өзгерістерге түсуі қажет болды. Ол жаңа тиянақты білімге сүйенген жастарды тәрбиелеуге қабілетті жоғары кәсіби ұжымға айналуы тиіс еді. Сондай-ақ жедел түрде институттың айтарлықтай әлсіз материалдық-техникалық базасын күшейту, оқу жүйесінің неғұрлым тиімді әдістерін енгізу, оқытушылар қатарын болашағы зор ғалымдармен және мамандармен толықтыру, олардың күш-жігерін, назарын ауыл шаруашылығы өндірісінің келелі мәселелерін зерттеуге бағыттау қажет болды.

Жаңа тағайындалған ректор осы күрделі мәселелерді шешу барысында өзін білгір басшы, педагог және қамқор ұжым жетекшісі ретінде көрсете білді. Ол институттағы жағдайды тез зерттеп, оның оқу-тәрбие үдерісінің сапасын арттыратын тиімді әдістерін таба алды, жастарды қолдап, оларға сенім артты, ұжымның ғылыми мекемелермен және өндіріс орындарымен байланысын тереңдетте түсті. Оқытудың модульдік жүйесін алдыңғы



қатарлы шетелдік үлгілерге жақындатты. Жүздеген, тіпті мыңдаған студенттер тікелей егістіктер мен фермаларды жаңа технологиялар мен техниканы игерді.

К.А.Сағадиевтің бастамасымен Кеңес Одағындағы алты биотехнологиялық орталықтың бірі осы Целиноград ауылшаруашылық институтында құрылды. Ол бұл орталықтың жұмысына тікелей басшылық етті, кадрларды іріктенді, олардың еліміздің және шет елдердің жетекші ғылыми орталықтарында оқып, білімдерін көтеруін қамтамасыз етті, зерттеу тақырыптарын белгіледі. Кейінірек бұл орталықтың бүкіл Қазақстанға аты шықты. Онда көптеген жаңа да тиімді биопрепараттар мен дәнді дақылдардың бірнеше жоғары өнімді сорттары жасап шығарылды. Солардың біріне мерейтой иесінің аты берілген.

Өкінішке орай реформа мен экономикалық тоқырау жылдарында бұл орталық өзінің ғылыми-техникалық әлеуетінің едәуір бөлігін жоғалтып, ғылыми-зерттеу бағдарламаларын іске асыруды тоқтатуға мәжбүр болды. Дегенмен, осы қадамның озық жасалған бастама болғаны мойындалды.

К.Ә. Сағадиев Целиноград ауылшаруашылық институтында ректорлық қызмет атқарған уақыт ішінде оқу орнының материалдық-техникалық базасы екі есеге артты. Бірнеше әсем оқу ғимараттары мен жатақханалар, мал-дәрігерлік клиника мен тұрғын үйлер салынды. Институттың әлеуметтік жағдайы едәуір өзгерістерге түсіп, жақсарып, жанарды. Нәтижесінде ректордың беделі өсіп, абыройы асты. Ол сол кездері жабық дауыс беру мен баламалы түрде өткізілген сайлаудың барлығында бір ауыздан ұжымның сеніміне ие болып отырды. 1988 жылы КОКП ОК, КСРО Министрлер Кеңесінің, КОБОК-тің және БЛКЖО ОК-ның ауыспалы «Қызыл туымен» марапатталды.

К.Ә. Сағадиев қажырлы ісі мен жемісті еңбегі, биік парасаты мен эрудициясы, белсенді қоғамдық қызметінің арқасында бүкіл Ақмола өңірінің қорнекті де айтулы азаматына айналды.

К.Ә.Сағадиевтің зерттеушілік қабілеті Мәскеу ғылым орталықтарында сыналып, шынықты. Оның алғашқы ғылыми жұмыстары материалдық-техникалық жабдықтауды ұйымдастырудың келелі мәселелеріне байланысты болды. Ол осы бағытта өнімді ізденістер жасап, өндіріс құралдарының айналу заңдылықтарын ашатын, өндірістік инфрақұрылым салаларының экономикадағы даму қарқыны мен өзара байланысына әсерін анықтайтын іргелі еңбектер жазып шығарды. Мысалы,

«Материалдық-техникалық жабдықтаудың экономикалық тиімділігін арттыру мәселелері» монографиясында ол КСРО-да бірінші болып осы саланың тиімділігін анықтайтын өлшемдерді таңдау әдісін негіздеп, пайдалануға ұсынды. Оның осы еңбегінде жазып көрсеткен теориялық ұстанымдары, әдістемелік және тәжірибелік ұсыныстары КСРО Министрлер Кеңесі Материалдық-техникалық жабдықтау комитетінің көптеген ғалымдары мен мамандарының мақұлдауы мен қолдауына ие болды. К.Ә.Сағадиев республикада материалдық-техникалық жабдықтауды аумақтық ұйымдастыруды және өндіріс құралдарын көтерме сауда арқылы таратуды жетілдірудің ғылыми негізін қалап, практикалық ұсыныстар жасады. Оның осы кітаптарға кіргізген талдаулары, қорытындылары мен ұсыныстары халық шаруашылығының әртүрлі салаларында басқару, жоспарлау және шаруашылық жүргізу механизмдерін жетілдіру мақсатында кеңінен пайдаланылды.

К.Ә. Сағадиев осы ізденістерінің негізінде «Материалдық-техникалық жабдықтаудың экологиялық тиімділігін арттыру мәселелері, теориясы, әдіснамасы және жақсарту жолдары» тақырыбына докторлық диссертация жазып, оны 1977 жылы табысты қорғап шықты. Ол отыз тоғыз жасында профессор атанды, бұл сол жылдары бүкіл Одақ көлемінде экономист-ғалымдардың арасында сирек кездесетін өзгеше оқиға саналды.

К.Ә.Сағадиевтің ірі экономист-ғылым ретіндегі ғылыми шығармашылығы эко-

номика ғылымының жаңа бағытына айналды. Кенжеғали Әбенұлы осы бағыттың көшбасшысы болды. Ол бірнеше рет Мәскеу, Ленинград, Киев, Минск, Тбилиси және басқа да қалаларда баяндама жасап, әрдайым көптеген ғалымдар мен мамандардың назарын өзіне аударды.

Кенжеғали Әбенұлы осы мамандық бойынша жоғары білімді кадрлар тәрбиелеудің, аспирантура мен кафедра ашудың басы-қасында болды, бұрын Қазақстан жағдайында ғана емес, Одақта да дами қоймаған материалдық-техникалық жабдықтаудың теориясы мен әдіснамасын жасады, өзінің ғылыми мектебін ашты.

Кейінірек К.Ә.Сағадиевтің ғылыми зерттеу аясы жаңа бағыттағы ізденістермен толықты. Оған айтарлықтай дәрежедегі білімі мен тәжірибесі, атқарған қызметі, бойына біткен дарыны мен болжағыштық қасиеті жәрдемдесті. Мысалы, ол экономикалық ойдың даму үрдістерін тани білді, басқару мен реттеудің өндіріс пен тұтыну жүйелерінің арақатынасын сәйкестендіріп отырудағы маңыздылықты жете түсінді.

Академиктің көп зерттеулері жалпы экономикалық сипат алып («Қоғамдық өндірістің тиімділігін өлшеудің кейбір теориялық және әдіснамалық мәселелері» және басқалар), бірқатар жаңа салалардың шаруашылық механизмдерін жетілдіруге байланысты проблемаларды қарастырған ерекше еңбек жазды. Сағадиевтің қызметінде ғылыми-ұйымдастыру жұмыстары да болды. Мәселен ол Қазақ КСР Министрлер Кеңесі жанындағы ғылым және техника саласындағы мемлекеттік сыйлықтар жөніндегі Комитетінің мүшесі, агроөнеркәсіп кешенінің ғылыми тұрғыдан қамтамасыз етудің Целиноградтағы орталығы төрағасының орынбасары қызметін атқарды. Сондай-ақ Кенжекең Қазақ КСР Министрлер кеңесі қаулысымен бекітілген Қазақ КСР Ғылым академиясы Экономика институты жанындағы республика бойынша шаруашылық есепке көшудің негізгі қағидаларын жасау үшін ұйымдастырылған уақытша

жұмыс тобының құрамына кірді және «Қазақстан ауылшаруашылық ғылымдарының хабаршысы» журналы редакциялық кеңесінің мүшесі болды, Солтүстік Қазақстан өңіріндегі жоғары оқу орындары ректорлар кеңесінің төрағасы және Қазақ КСР-і Ғылым академиясының Орталық Қазақстандағы бөлімшесінің ғылыми секциясының жетекшісі қызметтерін атқарды.

К.Ә. Сағадиевтің ауқымды қызметін республиканың ғылыми қауымдастығы лайықты бағалады. Ол 1989 жылы ҚазКСР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі болып сайланды, ал 1990 жылы Қазақстан Республикасы Ғылым академиясы президиумының бас ғылыми хатшысы қызметіне шақырылды.

Екі жыл бойы Кенжеғали ағамыз академиялық ғылымды ұйымдастырудың жаңа жолдарын іздеп, іске асыруға ұмтылды. Ол Ғылым академиясының басқа жетекшілерімен бірлесе отырып, Қазақстан ғылымы мен ғылыми-техникалық саясатын дамытудың тұжырымдамасын жасауға белсене қатынасты. Оның жетекшілігімен Ғылым академиясы (ҒА) Президиумы жанында құрылған жұмыс тобы «Қазақ КСР ғылымы мен ғылыми-техникалық саясаты» атты ҚР Заңының жобасын жасап шықты. ҚР ҒА Президиумының Шымкентте, Өскеменде және Ақтауда өткізілетін көшпелі отырыстарын дайындады. Сонымен қатар ол ҚР ҒА-ның Оңтүстік, Батыс және Шығыс бөлімшелерін, сонымен қатар ҒА-ның басқа да ғылыми орталықтарын ұйымдастырушылардың бірі болды.

1992-1994 жылдары Кенжеғали Сағадиев Қазақ мемлекеттік экономикалық университетін басқарды. Бұл кезең республика өмірінде болып жатқан түбегейлі өзгерістермен сипатталатын. Қазақстан тәуелсіздігін нығайтуға бетбұрыс жасалып, жаңа экономикалық жүйеге көшу – экономикалық кадрларды бұрынғыша даярлаудан бас тартып, оған түпкілікті өзгерістер енгізу күн тәртібіне қатал талап ретінде қойылды.

1992 жылы желтоқсан айында осы университетке Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев келіп, кездесу өткізді. Қаланың жоғарғы оқу орындарының өкілдері мен зиялы қауымы жиналған бұл мәжіліс ҚазМЭУ тарихындағы үлкен оқиға болды.

Бұл жолы да білек сыбана кіріскен жерлесіміз өзіне жүктелген міндетті абыроймен алып шықты. Ұжым мүшелеріне университетті басқарудың жаңа үлгісін ұсынып, қолдау тапты. Республика Президентінің Жарлығымен 1993 жылы 23 ақпанда ҚазМЭУ Қазақ мемлекеттік басқару академиясына айналып, барлық ұстаздар мен қызметкерлердің жалақысы екі есеге көбейтілді. Оқу жүйесі де басқаша ұйымдастырыла бастады. Бұрынғы факультеттер жаңа оқу ғылыми кешені болып өзгертілді, менеджмент, маркетинг, макроэкономика, микроэкономика, кәсіпкерлік пен бизнес негіздері, агробизнес және тағы басқа кафедралар ашылды.

Кенжеғали Сағадиевтің жоғарыда тізілген жетістіктері мен игі істері алдымен жерлесіміздің білімін, біліктілігін және еңбекқорлығын дәлелдейді. Қазақтың бір туар азаматы бүгінде 80 жасқа толды! А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің ұжымы мен студенттері мерейтой иесін құттықтайды! Жерлесімізге зор денсаулық тілейміз, жүз жасаңыз!





Кенжекеңнің кейбір кездері...

Серік ТҰРҒЫНБЕКҰЛЫ,
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ақын

Кенжеғали кеңдіктің, кемелдіктің өлшемі. Кең, паң, дархан. Әлбетте, осы сөздерге «даладай» деген сөз қосылса, тіпті жарасып кетер еді. Өйткені ол қалада емес, кәдімгі Торғайдың даласында туған. Ұлы даланың Ұлытауынан батысқа қарай бағыт ала бастағанда «Жыланшық» жылғасымен жүйткі жөнеліп, айдынды «Ақкөлге» маңдай тірейді. «Көне Торғай» деп аталатын маңғаз да, маң даланың маңдайына біткен жалғыз көл – «Ақкөл», оған құятын жалғыз өзен – «Жыланшық». Егер «Жыланшық» жылда құймаса, «Ақкөл» қаңсып қалар еді. «Ақкөлдін» жаны – «Жыланшық». «Жыланшықтың» күдіреті – Ұлытауда. Өйткені ұлы өзендердің бәрі Ұлытаудан бастау алады: Торғай, Есіл, Терісқаққан... Бір ғана Торғайдан алпыс екі сала тарайды. Адамның да алпыс екі тамы-

шыққаннан кейін, әкем еркіндіктің қадірін енді сезгендей, өз-өзінен қуанып, көңілді бір әуенге басады. Көңіл-күйі болмаса мұңды, баяу әндерді толғайды. Арбадағы иісі мұрынды жаратын жас шөпке шала мас боп, жаңағы бір сиқырлы әуен бойды арбағандай, арбадағы мен әлденеге маужырап, ұйқыға мас боламын. Ұйықтаған да емес, ұйықтамаған да емес, бір елес күйдің құшағында әкем айтқан ән-әуенге малтып, тербеліп бара жатқандай болам. Сондағы құлағымда қалған әуен:
*Қалтылдақ қайық мініп еспесі жоқ,
Теңізде жүрміз қалқып кешпесі жоқ,
Жел соқса, құйын қуса жылжи беру
Болғандай табан тіреу еш нәрсе жоқ,
Бұл күйге бүгін емес, көптен кірдік,
Алды-артын аңдамаған бетпен кірдік.
Шығармай бір жеңнен қол, бір жерден сөз,
Алалық алты бақан дертпен кірдік.
Білдірдік елдің сырын, ердің құнын,
Елерін ерегіске екі-үш күндік.
Кіреді тентек есі түстен кейін,*

«Кенжекең – асыл буын – Аға ұрпақтың ғабратты өкілдерінің аялы алақанынан қамқорлық көрген, олардан дәріс алып, тіпті кейбіреуімен дәмдес те болған ізбасары, өкі дәуірдің ортасындағы алтын көпірдің бір асыл дінгегі».

Қуаныш Сұлтанов,
мемлекет қайраткері, саясаттанушы

ры бар емес пе? Ендеше, мұның да сыры бар, тылсымы бар, тарихы бар. Тек тани білу керек, айта білу керек, жаза білу керек. Сол Сыраған (Сырбай Мәуленов) айтқан Торғайдың «алпыс екі баласының» екеуі осы Жыланшық жағасында, Ақкөл алқымында туған: бірі – Ахмет Байтұрсынұлы, екіншісі – өзіміздің Кенжекең, Кенжеғали Әбенұлы Сағадиев. Әріректе Кенжекең айтқан бір әңгімесі есте қалыпты: "Әкем ырдуан арбаға алдымен шөп төсеп, үстіне киіз жабады. Арбаның үсті абажадай, кең көсіліп жатасың ба, аунап-қунайсың ба? Әкем арбаға қаракерді жекті дегенше, Ақкөлге баратынымыз белгілі, қуанышымызда шек жоқ. «Шөптікөлде» отырған біздің ауылдың адамдары қолы босаса болды – «Ақкөлге» ағылатын. Әкем, бірақ дүрмекке қосылмай, көбінесе жеке тартатын. Мені қасынан тастамайды. Міне, бүгін де «Ақкөлге» беталдық. «Шөптікөл» мен «Ақкөлдін» арасы өгіз арбаға әжептәуір. Ауылдан

Мүшкілін халіміздің жаңа білдік. Әкем айтқан осы әуен үнемі құлағымның түбінде үн қатып, көкірегімнің көмбесінде жасырылып жатушы еді. Кейін ес біле келе бір күні әкемнен: «Бұл қайдағы өлең, кімдікі?!»-деп сұрадым. Әкем әлденеге торыққандай, біраз үндемей қабағын түйіп отырды да: «Е, шырағым, оны қайтесің, әзір қажеті жоқ. Кейін білерсің!»-деп бір күрсініп қойды. Айтқандай-ақ, кейін заман түзеліп, Тәуелсіздік алғаннан кейін, Ахаңның өлеңдерін оқуға қол жеткіздік. Тас бұлақтың суына шөліркегендей Ахаң өлеңдеріне бас қойғанымызда, о, ғажап, баяғы әкем айтқан өлең құлағымда гуілдеп қоя берді. Баяу да, биязы үні мұңды сарын, мұрын жаратын жас шөптің жұпар иісі, арба доңғалағының шикылына дейін құлағымды шулатып, көңілімді қуантып шыға келді". Кенжекең айтқан осы әңгіме менің де санама сіңіп, көкірек тұсымнан кетпей

қойды. Менін де көз алдымнан көгілдір жайлау, айдын-шалқар көл, сыңсыған құрақ кетпей қойды. Қоңыр белде қоңыр тірліктің куәсіндей, пар өгіз тартқан төрт аяқты арбаның үстінде Ахаңның әуенімен ояңған аққұба баланың кейін сол атасы сияқты төрткүл дүниеге танымал боларын ол кезде кім білген дейсің?! Бұл да бір өмірдің кезеңі ғой... Ахаңның туған жерінде кіндік қаны тамған Кенжекең кейін ұлы адам өмір сүрген органың ұрпақтарымен араласып-құраласып, олардың рухани тірлігіне үлес қоса бастады. Өзі туған Торғайда Ахмет, Міржақып сынды ұлы тұлғалар туып, өмір сүргеніне көз жеткізді, тіпті олардың көзін көрген кісілермен кездесіп, сөйлесіп қалған кездері бар. Болашақ ғалым мұндай ұлы тұлғалардың құр жатпайтынын, ерте ме, кеш пе, тарихтың қойнауынан бір шығатынын болжап білді. Кейін Кенжекең осынау ұлы тұлғалардың шығармалары жарық дүниеге шығып, есімдерінің жалпақ елге жария болуына айрықша үлес қосты. Кенжекеңнің қазақтың классик ақыны Сырбай Мәуленовтың өзімен ғана емес, жалпы отбасымен етене аралас болуының бір сыры осында. Сырағам үйіндегі жеңгеміз Күлжамал - Ахаңның ағасы Қалидың қызы. Бұл жайлы ол кезде көп аса айтыла қоймайтын. Сырағанның ақындығын қастерлеген Кенжекең, оның отбасы, бала-шағасына

істермен араласуға мүмкіндігі болған тұста оның туған жерге деген перзенттік парызы тым күшейе түсті. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында тәлтіректен барып аяғынан енді тұра бастаған Торғай өңіріне жан-жақты, әлеуметтік көмек беру қажеттігі – қоғам қайраткерінің қабырғасына қатты батты. Өмір бойы бүйрегі бұрып, бүйірінің бір бұрышында жүретін туған өлкесінің кейінгі кездегі келеңсіз қалпы қанша жүрегін ауыртса да, қолдан келер дәрмен болмай жүрген. Кейін академик туған жерінде түйіні шешілмей жағқан тауқиметті істердің бәрін қалпына келтіруге қисынын келтіріп, қиыннан жол тапты. Оған академиктің Парламент Мәжілісіне депутат болып сайлануы, сонымен қатар Қаржы және қаражат комитетінің төрағасы болу құқығы абзал азаматтың еліне деген жанашырлығына жол ашты. Мұның алдында өз қаражатымен туған еліне талай қамқорлық жасап, бірақ ол ісінің әлдекімдердің қараусыздығынан қолды болып кеткеніне іштей күйініп жүрген ел перзенті, енді мемлекеттік мәселелерді шешу тізгіні қолына тигенде, өз ауылынан аянып қалған жоқ. Алыстағы шалғай ауыл, туған Ақкөліне жаңа жобадағы орта мектепті салдырды. Ауыз су мәселесін шешуге де үлес қосты. Одан әрі күрделеніп қалған күрмеуі мол істердің түйіні тарқатылар тұста, әттең-ай, әттең... Пар-

«Кенжеғали Әбенұлы қызметте өзін де, өзгені де босаңсытпайды, қатаң талап қояды. Кімнің қандай іске икемі барын тез танып, адамдарды өз қабілетіне байланысты орналастырады. Жүздеген, тіпті мыңдаған адамдарды бір мақсатты орындауға жұмылдыру оның үйреншікті қасиеті».

Сәбит Байзақов,
ҚР ҰҒА академигі, экономика ғылымдарының докторы

назар аударып, араласықтан айныған жоқ. Көп жылдар іргелі оқу орындарында бірегей басшылық жасаған Кенжекең, Сырағанның балаларының жан-жақты жоғары білім алуына жанашырлықпен атсалысты. Қазір Сырағанның балалары білім ордаларының әр саласында білікті маман болып, ел игілігіне үлес қосып жүр. Келе-келе Кенжекең Ахаң туралы үлкен аудиторияларда, келелі кеңес-жиындарда, тіпті шетелдік басқосуларда ұлы адамның ғұмырнамасын ұлықтайтын ғылыми баяндамалар жасап, елеулі еңбек сіңірді.

ламент мерзімінен бұрын тарап кетті! Әйтсе де, 2007 жылы жаңадан сайланған Парламентке қайта іліккен Кенжекең, Мәжіліс депутаты, Экология және табиғи ортаны қолдану комитетінің мүшесі, сондай-ақ «Нұр Отан» халықтық-демократиялық партиясының фракциясында экономиканы диверсификациялау кеңесінің төрағасы ретінде көптеген шаруа-шаралардың түйінін шешетініне ешкім де күмән келтірмеді. Себебі, қазіргі таңда халқтың ұғымында «Нұр Отан» партиясының шешпейтін түйіні



Академик Кенжеғали Сағадиев қаншама мемлекеттік мәселелермен айналысып, қоғамдық жұмыстардың қатқабат ортасында жүрсе де, өзінің туған ауылын назардан тыс қалдырып көрген жоқ. Қаншама ғылым-білімнің әлемдік деңгейінде әлеуетті істерді атқара білген Кенжекең өзінің кіндік қаны тамған жері, Ахаң ауылына арнайы барып, халықтың жай-күйімен танысып тұруды ұмытқан емес. Әсіресе, Паламент депутаты болып, мемлекеттік мәні бар іргелі

жоқ деген жақсы пікір қалыптасқан. Үміт алдамаса керек. Ел тілегін қолынан келгенше орындауға тырысты. Мен Кенжекеңнің ғылым-білім, мәдениет-өнер, саясат саласындағы талай аға-інілер, дос-жолдастары, құрбы-құрдастары жайлы қарым-қатынастары хақында әңгімелегенім жоқ. Оның жыры бір бөлек. Ал алған атақтары, көрген құрметтері, мақта-марапат, сый-сияпаттары туралы толғансақ талай қағаздың бетін толтырар едік.